

## **2013 жылға арналған Ақжар ауданының ұйымдарында төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы N 430 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 ақпанда N 2173 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға арналған Ақжар ауданы ұйымдарының, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің қоса берілетін тізбесі (әрі қарай - Тізбе) бекітілсін.

2. «Ақжар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бекітілген Тізбеге сәйкес, жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

3. Қоғамдық жұмыстарға деген сұраныс пен ұсыныс анықталсын: мәлімделген қажетті жұмыс орындарының саны – 200 жұмыс орны; бекітілген қажетті жұмыс орындарының саны – 200 жұмыс орны.

4. «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 қарашадағы Заңымен белгіленген, қоғамдық қызметкерлердің еңбекақысы ең төменгі жалақы көлемінде төленсін, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

5. Қоғамдық жұмыстардың талаптары жұмыс аптасының ұзақтығына байланысты белгіленеді: екі демалыс күнімен (сенбі, жексенбі) бес күн, 1 сағаттық түскі үзілісімен сегіз сағаттық жұмыс күні. Еңбек талабына байланысты, жұмыс беруші мен қызметкер арасында бекітілген еңбек шартында жұмыс уақытын ұйымдастырудың иілгіш формаларының қолданылуы қарастырылған.

6. Еңбек және техникалық қауіпсіздікті қорғау бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-саймандармен және жабдықтаумен қамтамасыздандыру, уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік төлем, зиянды төлеу, зақымдану немесе басқа бұзылған денсаулық себептеріне, зейнеткерлік және әлеуметтік қаржы бөлу

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

7. «Ақжар ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жұмыспен қамту бағдарламасы. Қоғамдық жұмыстар» 451-002-100 бюджеттік бағдарламасы бойынша қоғамдық қызметтегі жұмыссыздардың еңбек ақысын төлеуге қаражаттың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

8. «2012 жылы Ақжар ауданы ұйымдарында төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» (Нормативті құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде 2012 жылғы 29 ақпанда 13-4-138 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 6 наурыздағы № 10 «Ақжар-хабар» және № 10 «Дала дидары» аудандық газеттерінде жарияланған) аудан әкімдігінің 2012 жылғы 07 ақпандағы № 48 қаулысы күші жойылған деп саналсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Б. Сыздықова жүктелсін.

10. Осы қаулы алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақжар ауданының әкімі  
«КЕЛІСІЛДІ»:

Солтүстік Қазақстан облысы  
А. Тастеміров

«Ақжар аудандық мұрағат»  
мемлекеттік мекемесінің директоры  
С.С. Исмагулова

2012 жыл 25 желтоқсан  
«КЕЛІСІЛДІ»:

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігі  
Солтүстік Қазақстан  
әділет департаменті  
Ақжар ауданының  
әділет басқармасының бастығы  
Л. Қадырқызы

2012 жыл 25 желтоқсан

Ақжар ауданы әкімдігінің  
2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 430  
қаулысына қосымша

**Ақжар ауданы ұйымдарының, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің Тізбесі**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 05.11.2013 N 325 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

№	Мекемелердің атауы	Қоғамдық жұмыстың түрлері	Жұмыс көлемі	Адам саны
1	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Көшелерді қоқыстан тазалау - 2000 шаршы метр, арам шөптерді жұлу 1000 шаршы метр, ағаштарды кесу -65 дана, бұтақтарды кесу – 200 бұта, ағаштарды әктеу – 65 дана, көшеттерді егу – 130 дана	7
2	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Ағаш отырғызу – 60 дана, гүлзарларды бөлшектеу - 10 дана, гүл егу, суару. Көшелерді қоқыстан тазалау 2000 шаршы метр, бағандарды әктеу – 120 дана, қоқыс тастайтын жерлерді жайғастыру - 700 шаршы метр, арам шөптерді жұлу – 1000 шаршы метр, жол бойындағы шөпті шабу – 1000 шаршы метр, дуалдарды жөндеу – 200 шаршы метр, ескерткішті сылау, әктеу, сырлау – 1 дана	8
		2. Қысқы уақытта мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың жылыту жүйесіне көмектесу жұмысы	Әкімшілік ғимаратын жылыту 324,5 шаршы метр	2
3	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ақжарқын ауылдық округі» мемлекеттік мекеме әкімінің аппараты	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Ауылға кіретін жолында кюветтерді қардан тазалау – 10000 метр, 15 көшені қоқыстан тазалау, ескерткіштерді сылау, сырлау, әктеу – 2 дана, ағаштарды әктеу – 40 дана, көшеттерді отырғызу – 45 дана, бағандарды әктеу – 145 дана, көшелердегі кюветтердің шөбін шабу – 8000 метр, гүлзарларды бөлшектеу, гүл егу, суару – 5 гүлзар, ағаштарды кесу – 40 дана, 2000 шаршы метр стадион алаңын қоқыстан жинау, 500 шаршы метр дуалдарды сырлау	9
4	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Восход ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Көшелерді қардан тазалау – 1200 шаршы метр, көшелерді қоқыстан тазалау – 3200 метр, арам шөптерді жұлу – 450 метр, ағаштарды кесу – 120 дана, бұталарды кесу – 110 дана, ағаштарды әктеу – 120 дана, ескерткішті сылау, сырлау, әктеу 1 дана. Гүлзарларды бөлшектеу, гүл егу, суару - 6 гүлзар	8
5	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кенашы селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Орталық алаңын қоқыстан тазалау, жинау – 250 шаршы метр селоға кіру жолында кюветтерді қардан тазалау – 10000 метр, ескерткішті сылау, сырлау, әктеу – 1 дана, ағаштарды әктеу – 55 дана, көшеттерді отырғызу - 40 дана, бағандарды әктеу – 130 дана, көше бойындағы кюветтерде шөп шабу – 6500 метр, гүлзарларды бөлу, гүл егу , суару – 6 гүлзар, ағаштарды кесу – 55 дана	9
			Әкімшілік ғимаратының маңайын қоқыстан тазалау – 2000 шаршы метр, қардан тазалау – 2000 шаршы метр, ағаштарды кесу – 100 дана, гүлзарларды қазу, гүл егу, арам шөбін жұлу,	

6	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кіші Қарой селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	суару – 6 гүлзар, жол бойындағы шөпті шабу – 2100 метр, қоршауларды жөндеу – 300 метр, ескерткіштерді сылау, әктеу – 2 дана	12
		2. Қысқы уақытта мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың жылыту жүйесіне көмектесу жұмысы	350 шаршы метр әкімшілік ғимаратын жылыту	2
7	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Құлықөл селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Орталық алаңын қоқыстан тазалау, жинау – 350 шаршы метр селоға кіру жолында кюветтерді қардан тазалау – 7000 метр, ескерткішті сылау, сырлау, әктеу – 1 дана, ағаштарды әктеу – 45 дана, көшеттерді отырғызу - 35 дана, бағандарды әктеу – 110 дана, көше бойындағы кюветтерде шөп шабу – 1000 метр, гүлзарларды бөлу, гүл егу , суару – 5 гүлзар, ағаштарды кесу – 45 дана. Қоқысты қолмен артып шығару – 10 арба, дуалдарды орнату, сырлау – 90 шаршы метр	10
8	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ленинград ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Алаңды қардан, қоқыстан тазалау – 500 шаршы метр, арам шөптерді жұлу – 2000 шаршы метр, бұтақтарды кесу – 255 бұта, ағаштарды әктеу – 400 дана, бағандарды әктеу – 500 дана, қоқыс тастайтын жерлерді жайғастыру – 7500 метр, жол бойындағы шөпті шабу - 12000 метр, жол бойындағы қоқысты жинау – 12000 метр, қоқысты арту және түсіру – 10 тонна, гүлзарларды бөлу, гүл егу, арам шөбін жұлу, суару – 20 гүлзар, ескерткіштерді сылау, сырлау – 2 дана, орындықтарды жөндеу, сырлау – 30 дана, дуалдарды сырлау – 220 шаршы метр	31
		2. Шаруашылық кітабының жазуын анықтау үшін ауланы аралау	Аула бойынша аралау – 1006 аула, 60 шаруашылық кітап толтыру	3
		3. Қысқы уақытта мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың жылыту жүйесіне көмектесу жұмысы	Дәуіт ауылында әкімшілік ғимаратын жылыту 40 шаршы метр	1
		4. Жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларына мемлекеттік жәрдем ақылар		2

		тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау жөнінде көмек көрсету	Токсанда 55 іс даярлау	
9	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Әкімшілік ғимаратының маңайын қоқыстан тазалау 500 шаршы метр, қардан тазалау - 500 шаршы метр, ағаштарды кесу 55 дана, гүлзарларды қазу, гүл егу, арам шөбін жұлуды - 6 гүлзар, жол бойындағы шөптерді шабу - 3700 метр, дуалдарды жөндеу - 350 метр ескерткіштерді сылау, сырлау - 1 дана, бағандарды әктеу - 70 дана	9
10	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Новосел селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Аумақты қоқыстан тазалау - 2000 шаршы метр, ағаштардың бұталарын кесу - 58 ағаш, ескерткіштерді сылау, сырлау, әктеу - 2 дана, көшеттерді отырғызу - 40 дана, дуалдарды жөндеу - 1000 метр, бағандарды әктеу - 160 дана, жол бойының шөбін шабу - 10000 метр, гүлзарларды бөлу, гүл егу, суару - 7 гүлзар, арам шөптерді жұлуды -1000 шаршы метр	9
11	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Талшық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Әкімшілік алаңын күнделікті қоқыстан, қардан тазалау 2000 шаршы метр, ауылға кіру жолында кюветтерді қардан тазалау - 6500 метр, жол бойындағы шөпті шабу - 2300 метр, ағаштарды кесу - 180 дана, ағаштарды суару - 50 дана, бағандарды әктеу - 400 дана, қоқысты қолмен арту - 15 арба, ескерткіштерді сылау, әктеу - 7 дана, қоршауларды сырлау - 5000 метр, көшеттерді отырғызу - 200 дана, гүлзарларды бөлу, гүл егу, арам шөбін жұлуды, суару, күзету - 15 гүлзар, фонтанды тазалау, сырлау - 2 дана, стадион мен паркті қоқыстан тазалау - 2000 шаршы метр, орындықтарды сырлау - 35 дана	42
		2. Шаруашылық кітабының жазуын анықтау үшін ауланы аралау	Аула бойынша аралау - 1200 аула, 53 шаруашылық кітап толтыру	2
		3. Жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларына мемлекеттік жәрдем ақылар		2

		тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау жөнінде көмек көрсету	Токсанда 60 іс даярлау	
		4. Мұз қалашық салуға қосалқы жұмыстарын атқару	Пішіндерді ойып кесуіне қардан дайындауларды даярлау – 20 дана	6
12	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Көшелерді қардан тазалау - 3000 шаршы метр, алаңды қардан тазалау – 3000 шаршы метр, шөптерді жұлу – 1000 шаршы метр, бұтақтарды кесу – 40 бұта, ағаштарды әктеу – 50 дана, жол бойында қоқысты тазалау – 1000 шаршы метр, шөптерді шабу – 1000 шаршы метр, қоқысты арту және түсіру – 6 тонна, гүлзарларды бөлу, гүл егу, суару – 4 дана	10
13	«Ақжар аудандық мұрағат» мемлекеттік мекеме	1. Құжаттарды сақтауға дайындау мен ретке келтіру жұмыстарына көмек көрсету	1000 істі ретке келтіру	3
14	«Ақжар» мемлекеттік коммуналдық мекеме	1. Ауыл аумағын жинауға көмектесу, су құбырларын жөндеуге көмектесу	Көшелерді қоқыстан, қардан тазалау - 10000 шаршы метр, қоқысты қолмен арту, шығару 20 арба, 1000 метр су құбырын жөндеу	8
15	Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті Ақжар ауданының әділет басқармасы	1. Тіркелген істерді және құжаттарды жинақтауға жәрдем көрсету	500 іс	5